

ҚАУЛЫ

2025 жылы 27-ақпан

7528-25-00-3/11491

Алматы қаласы

Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрғалық етуші судьясы Р.Б.Жамалбеков,

сот отырысының хатшысы М.Г.Жангабылованың отыруымен, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға У.Е. [REDACTED] және қорғаушы адвокат Г.С.Турлыбековтың қашықтықтан қатысуларымен,

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі қарай – ӘҚБтК) 434-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзышылық жасағаны үшін

[REDACTED]
1996 жылы 25-желтоқсанда туған,

Тұрғылықты жері: Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақжар ауылы, [REDACTED]

[REDACTED]
тұрғылықты жері бойынша тіркелу туралы деректер: Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақжар ауылы, [REDACTED]

жұмыс орны: жұмыссыз,

жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлік №045415223 Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігімен 2019 жылы 4-желтоқсанда берілген,

ЖСН – [REDACTED],

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі мемлекеттік тілде ашық сот отырысында қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2025 жылы 22-ақпанда У.Е. [REDACTED], Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, №124 мекен-жайында, қоғамдық орында жеке тұлғалардың тыныштығын бұзып, айналасындағыларға сыйламаушылық білдірген.

Сот отырысында мобильдік байланыс арқылы У.Е. [REDACTED] жоғарыда көрсетілген жағдайды растап, өзіне қатысты толтырылған әкімшілік құқық бұзушылық хаттамамен келіспейтіндігін, өз кінәсін жартылай мойындап, өйткені ол өзінің бауырларын алып кетуге көлігімен Алматы қаласы Назарбаева 124, мекен жайға келгенде, оны полиция қызметкері ұстап итеріп жибергенін, содан кейін олар сөз байланысқандарын, әкімшілік жаза ретінде айыпұл қолдануын соттан сұрады.

Сот, У.Е. [REDACTED] түсініктемесін, іс құжаттарын зерттеп, істегі барлық дәлелдемелерді бағалай отырып, бейнежазбаны зерртеп, төмендегідей тұжырымға келеді.

ӘҚБТК-нің 434-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарында былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер үшін бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Сот, У.Е. [REDACTED] өз әрекетінің құқыққа қарсы сипатын сезініп, зиянды салдардың туындауына саналы түрде жол бергендіктен, әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған деп таныды.

Себебі У.Е. [REDACTED] қоғамдық орында бола тұра, ұсақ бұзақылық жасаған, яғни өз әрекетімен айналасындағыларға сыйламаушылық танытып, ұсақ бұзақылық жасаған.

Хаттамамен У.Е. [REDACTED] танысқан, оны толтыру кезінде оған ӘҚБТК-нің 744-бабында көрсетілген құқықтар мен міндеттері түсіндірілген, оның оларды жүзеге асыруға толық мүмкіндігі болған, алайда оларға заңмен белгіленген тәртіптер шағым жасамаған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ӘҚБТК-нің 803-бабының талаптарына сай уәкілетті лауазымды тұлғамен толтырылған, оларды толтыру кезінде заң бұзылық орын алмаған, істі дұрыс шешуге қажетті барлық мәліметтер, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың оқиғасы хаттамада көрсетілген. Аталған хаттаманы заң бұзушылықпен алынған дәлелдемелер деуге негіз жоқ.

У.Е. [REDACTED] әкімшілік құқық бұзушылық бойынша кінәсі оның жазған түсініктемесімен, 2025 жылғы 27 ақпандағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, бейнежазба көшірмелерімен, полиция қызметкерінің баянатымен бекітілген.

Бұл зерттелген дәлелдемелер іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы туралы ақиқатты даусыз анықтайды, іске қатысты жол беріледі, дәлелдемелердің жиынтығы істің шешілуі үшін жеткілікті деп танылады.

ӘҚБКнің 55 баптың 1 бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін осы бөлімнің Ерекше бөлігінің бабында көзделген шекте осы Кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте қолданылады.

Сот, дәлелдемелерді бағалай отырып, аталған дәлелдемелер жеткілікті, жол беруге болатын, анық болып табылады, іс бойынша зерттелген мән-жайларға тиістілі және заңмен беліленген тәртіпте алынған деген тұжырымға келеді.

Әкімшілік жазаны қолдануды анықтағанда сотпен құқық бұзушылықтың сипаты, оның жасалу мән-жайлары, құқық бұзушының жеке басы, құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-

құлқы, оның мүліктік жағдайы ескеріп, аталған баппен құқық



бұзушылықты бірінші рет жасағандығын ескеріп. ӘҚБтК-нің 434-бабының 1-бөлігімен 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл соммасын 78640 (3932x20АЕК) теңге көлемінде айыппұлды тағайындауды орынды деп санайды.

ӘҚБтК-нің 829-14-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін [REDACTED] кінәлі деп танылсын, және оған 78640 (жетпіс сегіз мың алты жүз қырық) теңге әкімшілік айыппұл салынсын.

Айыппұл ерікті түрде қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төленуі тиіс.

Қаулыға оның көшірмесі табыс етілген күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер осы Кодекстің 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы Алматы қалалық сотына шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья:

Р.Б.Жамалбеков

Көшірмесі дұрыс

Судья:

Р.Б.Жамалбеков

Қаулы заңды күшіне 2025 жылы «__» _____ енді.

Судья:

Р.Б.Жамалбеков

